



# Ауыспалы егістік

Дайындаған: Альбекова А  
Қабылдаған: Буланбаева П

Ауыспалы егіс дегеніміз — ғылымға негіздеп дақылдар мен сүрі танапты белгілі бір мерзімде және аумақта кезектестіріп орналастыру. Дақылдар мен сүрі жердің кезектесу ретімен бірінен соң бірінің орналасуын ауыспалы егістің кестесі (схемасы) деп атайды. Мысалы, Қазақстандағы ең кең тараған ауыспалы егістің кестесі: 1 — сүрі жер, 2 — жаздық бидай, 3 — жаздық бидай, 4 — арпа.



Дақылдар мен сүрі жердің ауыспалы егістің барлық танаптары арқылы өтуі олардың аумақта кезектесуін білдіреді. Дақылды бір танапта ұзақ уақыт өсіруді ауысымсыз, ал шаруашылықтағы негізгі дақылды дара дақыл деп атайды. Ауыспалы егістерде, кейде бір дақылды бірнеше жыл бойы қатарынан егеді, сосын оны басқа дақылмен ауыстырады. Мұндай егістіктерді қайталама егістік деп атайды. Ауыспалы егістің әр танабында әдетте бір дақылды өсіреді, кейде бір танапта биологиясы және өсіру технологиясы ұқсас бірнеше дақылды орналастырады. Ауыспалы егістің мұндай танаптарын құрама деп атайды.





Ауыспалы егістің жақсы алғы егіспен басталып, келесі жақсы алғы егістің алдында аяқталатын бөлігі ауыспалы егістің буыны деп аталады.

Ауыспалы егіс тәсіліне сәйкес, дақылдар мен сүрі жердің кезектесуінің толық циклі өтетін кезеңді айналым (ротация) деп атайды.

Оның ұзақтығы әдетте ауыспалы егістегі танаптар санына тең. Ауыспалы егістің тыс танабы деп дақылдардың кезектесуінен уақытша шығарылып және бірнеше жыл бойы бір дақыл ретінде өсірілетін танапты айтады. Тыс танапта көбінесе көпжылдық шөптер, жүгері өсіріледі.

Алғы дақыл деп осы танапта өткен жылы болған дақылды немесе сүрі жерді атайды, яғни ауыспалы егістегі әрбір дақыл немесе сүрі жер өзінен кейінгі



# Ауыспалы егістердің кестесін

Ауыспалы егісте дақылдардың алмасу тәртібін және алғы егістерін ендірістік тәжірибелері мен аймақтың ғылыми мекемелерінің ұсыныстарын пайдаланып анықтайды.

**Негізгі талап** -әрбір дақылға мүмкіндігінше оңтайлы жағдай жасап, сыртқы ортаның қолайсыз әсерін азайту.

1. Негізгі дақылдарға ауданның үлкен бөлігін бөлген жөн

2. Топырақтың құнарлылығына, танаптардың тазалығына және басқа тіршілік жағдайларына жоғары талап қоятын ең құнды дақылдарды жақсы алғы дақылдардан кейін орналастыру дұрыс.

3. Ауыспалы егісті ең жақсы алғы дақылдан бастау қажет

4. Дәнді бұршақ дақылдарын қайталап өсіруге болмайды.

5. Дәнді бұршақ дақылдарын пардан кейін орналастыруға болмайды. Бұл жағдайда олардың құнды алғы егіс болған артықшылығы басқа дақылдармен пайдаланылмайды.

Ауыспалы егістің кестесін құрастыруға арналған ұстанымдары



## Дақылдардың кезектесу қажеттілігі

ХИМИЯЛЫҚ

БИОЛОГИЯЛЫҚ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ

Бір дақылды тұрақты немесе ұзақ уақыт бойы бір жерге өсіре берсе, онда арамшөптер, зиянкестер және аурулар қаптап, топырақ тозады да, өнімнің азаюына әкеп соқтырады. Ауыспалы егісте дақылдарды кезектестіру, биологиялық себептердің кері әсерін төмендетеді немесе тіпті мүлдем жояды. Мәселен, күнбағысты тұрақты сепкенде ол тоғышар арамшөп сұңғыладан күшті зақымданады; бидайды кезектестірмей сепсе, онда ол тамыр шіріндісі ауруына шалдығады.



# Ауыспалы егістіктегі алғы дақылдар

Дақылдар өнімінің мөлшері мен сапасына алғы дақыл үлкен әсер етеді. Қазақстанның құрғаңшылық жағдайында, ең жақсы алғы дақылға сүрі жер (танабы) жатады. Ол топырақта ылғалдың, өсімдікке сіңімді түрдегі қоректік заттардың жиналуын, танаптың фитосанитарлық күйінің жақсаруын және арамшөптен тазалануын қамтамасыз етеді.

**Отамалы дақылдар** (қант қызылшасы, жүгері, картоп, көкөніс, т.б.) алғы дақыл ретінде танаптарда арамшөптермен күресті жақсы жүргізуге мүмкіндік береді: жаз бойы арамшөптермен қатарлықта күрес жүргізіледі, топыраққа тыңайтқыштар енгізіледі.



Бір жылдың отамалы дақылдарды қарқынды өңдеулер мен қайталама есіру топырақтың тым борпылдақ болуына, қара шіріктің азаюына, соңынан топырақ құрылымының нашарлауына ұрындырады.

Құрғаң дала және дала аймақтарының жағдайында жел эрозиясының қауіптілігі байқалады. Бұл аймақта кеп жылдың шөптер және басқа дақылдар қалың қыртысты (шымды) тұрады, топырақ құрылымын жақсартады, суға тезімді агрегаттардың санын көбейтеді, су және жел эрозиясынан қорғайды.

Дәнді дақылдар түріне қарай алғы дақыл ретінде әр түрлі бағаланады. Күздік бидай жаздық бидай мен арпа үшін кептеген отамалы дақылдар үшін жаңсы а... саналады. Жемдік дәнді-дақылдарды, арпа, т.б. нашар ал... дақылға жатқызады және оларды ауыс-палы егістің соңынан орналастырады.





Қарақұмық тамырының жоғары ерітетін қабілетіне байланысты қиын еритін қосылыстардан қоректік заттарды пайдаланып, басқа одан кейін өсірілетін даңылдарға жеңіл сіңетін түрде қалдырады.

Әр түрлі өсімдіктер құрғақ заттардың қалыптасуына судың мөлшерін әрқалай жұмсайды. Қант, жүгері, күнбағыс, көп жылдың шөптер тары мен арпа сияқты өсімдіктерге ңарағанда суды көбірек жұмсайды және топырақты күштірек құрғатады. Сондықтан ауыспалы егісте әр түрлі даңылдарды алмастырғанда қоректік заттарды және топырақ ылғалын тиімді пайдалануға мүмкіншілік туады.



**Назар  
аударғандарыңыз  
ға  
рахмет!**